bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2022

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# 1 - бөлім: «Жанды табиғат» Тіл және сөйлеу.

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 18.08.2022 | https://bilimger.kz/124737/ |

| | |
|---|---|
| **Мұғалімнің аты-жөні:** | Шубаева Н. А. |
| **Пән/Сынып:** | Қазақ тілі/3-сынып |
| **Мерзімі** | 2021ж |
| **Тарау немесе бөлім атауы:** | 1 — бөлім: «Жанды табиғат» |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Тіл және сөйлеу. (Оқулық 8-9 бет, «Атамұра» баспасы.) |
| **Оқу мақсаты:** | 3.2.4.1 өз бетінше мәтіннің тақырыбын және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтау;<br>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұраққа жазбаша түрде жауап беру. |
| **Бағалау критерийі:** | — Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп,мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді;<br>— Өз ой қорытындысын оқулықтағы жаңа ақпаратпен салыстыра алады. Кез келген жағдайда өз көзқарасын білдіріп, ой қорыту жасай алады |

| **Саралап оқыту тапсырмалары** | | |
|---|---|---|
| **Ұжымдық жұмыс**<br>Жаңа тақырыптың түсіндірілуі | **Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма)**<br>Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету | **Жеке жұмыс**<br>Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы |

<table>
<tr><th>Уақыты</th><th>Кезеңдері</th><th>Тапсырма</th><th>Тапсырманың мақсаты</th><th>Бағалау</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>1 минут</td><td>Ұйымдастыру</td><td>· — Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>· Әлемде сәлемдесудің түрлері өте көп. Кейбір елдің тұрғындары мұрын түйістіру, ым-ишара, қол алысу, иық түйістіру, сәттілік тілеу арқылы сәлемдеседі. Сабақты бастамас бұрын, біз де бір-бірімізбен амандасып, сәттілік тілейікші! Қане, қайталап отырамыз:<br>Бір, екі, үш<br>Жымиямыз сәл күліп,<br>Біз тілейміз сәттілік!</td><td>Бір-біріне сәттілік тілеу, сөздерді қайталау</td><td></td><td>Презентация №1-2 бет</td></tr>
<tr><td>7-8 минут</td><td>Жаңа сабақ</td><td><u>6-жаттығу. Мұқият тыңда.</u><br>– Алматы уақыты 9 сағат 15 минут.<br>– Аузыңды аш, «а-а» де.<br>– Ыстық самса алыңыз.<br>– Абайлаңыз, есік жабылады. Келесі аялдама – «Абы лай хан» даңғылы.<br>– Ойыншықтарыңды тағы да шашып тастаған сың ба?!<br>– Бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Етістік».<br><br><u>7-жаттығу. Мәтінді тиісті дауыс ырғағымен оқы.</u><br>— Балалар, хатты әрі қарай жалғастырып көрейікші.<br>— Жарайсыңдар!<br>— Балалар, ені мына кестені толтырыңдар,<br><table><tr><th>Сөйлеу түрі</th><th>6-жаттығу</th><th>7-жаттығу</th></tr><tr><td>Ауызша</td><td>+</td><td></td></tr><tr><td>Жазбаша</td><td></td><td>+</td></tr></table></td><td>Сөйлеу мәнері кімге тән екенін анықтау.<br><br>Мәтінді тиісті дауыс ырғағымен оқиды. Мәтін кім жайында айтылғанын анықтайды. Хаттағы негізгі ойды сақтай отырып, хатты әрі қарай өздері жалғастырып жазады.</td><td><u>Бағалау критерийлерін ұсыну</u><br>1.Мәтінді мұқият тыңдайды.<br>2.Сөйлеу мәнері кімге тән екенін анықтап, дәлелдеулер келтіріп, өз ой қорытындыларын жасай алады.<br><br><u>Бағалау критерийлерін ұсыну</u><br>1. Хаттағы негізгі ойды сақтай отырып, хатты әрі қарай өздері жалғастырып жазады.<br>2. Сөйлеудің екі түрін анықтай алады.</td><td>Презентация №3-4 бет<br><br>Презентация №5 бет</td></tr>
<tr><td>8 минут</td><td>Тәжірибе</td><td>https://www.youtube.com/watch?v=DVi1J3SP9uk<br>Бейнеролик қарау, 9-жаттығу<br>1. Қарамен жазылған сөздер мәтіндегі сөйлемдерді байланыстырып тұрғанына назар аудар. Сол сөздерді басқа сөздермен алмастырып айтып көр.<br>2. Алғашқы адамдар суреттердің көмегімен сөйлеудің қай түрін жүзеге асырды? Ойыңмен бөліс. Ойынды «Жазбаша сөйлеу бірден пайда болған жоқ» сөйлемімен баста.</td><td>Түсіндерме сөздікпен жұмыс жасайды.<br><br>Сөйлеудің түрлерін ажыратады</td><td><u>Бағалау критерийлерін ұсыну</u><br>1. Мәтіндегі сөйлеудің қай түрі екенін анықтай алады.<br>2. Мәтін бойынша өз ойынмен бөлісе алады</td><td>Презентация №6 бет</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 минут | Бекіту<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>***Үйге тапсырма:***<br><br><br><br><br>Кері байланыс | 1. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, сөйлемдерді толықтырыңдар:<br>Ауызша тіл адамдардың бір-бірімен ……. арқылы көрінеді<br>а/ сөйлесуі б/ ойлауы<br>ә/ хат жазуы в/ оқуы<br>2. Жазбаша тіл дегеніміз -…..<br>а/ хабарласу б/ ойды қағазға жазу<br>ә/ пікірлесу в/ ойды айту<br>3. Ауызша сөйлеу түріне жататын сөйлемді табыңдар:<br>а/ Хат жаздым<br>ә/ Телефонмен сөйлестім<br>б/ Жаттығуды жазбаша орындадым<br>в/ Интерактивті тақтаға жаздым<br>4. Жазбаша сөйлеу түріне жататын сөйлемді табыңдар:<br>а/ Мен телефонмен сөйлестім<br>ә/ Досыма хабарлама жаздым<br>б/Атам мен әжем әңгімелесіп отыр<br>в/ Ол жиналыс болатынын хабарлады<br><br>Ережені жаттау<br>9-бет, 10-жаттығу.<br>Күз мезгілі бейнеленген сурет бөліктеріне зер салып қара. Осы сурет бойынша 3 сұрақ жаз. | Тақырыпты меңгергенін анықтау<br>_<br>Тест тапсырмасын орындау. | ***Бағалау критерийлерін ұсыну***<br><br>Ауызша сөйлеу мен жазбаша сөйлеудің түрлерін ажыра алады. | Презентация №7-8 -9бет |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.